«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Нурбеков Талгат Балтабековичтің «Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Нурбеков Талгат Балтабековичтің «Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мына мемлекеттік бағдарламаларға (тұжырымдамаларға, құжаттарға, Жолдауларға) сәйкес жазылған: 1) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы); 2) Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауына; 3) Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауына; 4) Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауына; 5) Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы I Ұлттық құрылтайдың шешімдері (2022 жылғы 16 маусым).
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертация қандай да бір мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.

		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация қандай да бір мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер» және «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытының «Білім беру және лингвистика саласындағы өзекті мәселелер» мамандандырылған ғылыми бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазақ тіл білімінің лексикология, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, коммуникативтік, прагматикалық және когнитивтік лингвистика салаларына, сонымен қатар әдебиеттану ғылымына **елеулі үлес қосады** деп санаймыз. Бұл пікірімізді диссертацияда тұрмыс-салт ертегілерінің дүниетанымдық және дискурстық табиғаты, тұрмыс-салт ертегі мәтіндерінің семантикалық сипаты және тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлем бейнесінің негізгі парадигмалары алғаш рет кешенді түрде зерттеліп, лингвопрагматикалық тұрғыда жан-жақты сипатталуы дәйектейді. Зерттеуші қазақ ертегілеріндегі әлем бейнесінің көрінісін «жақсылық», «мейірім», «тапқырлық», «ақыл», «шындық» концептілері негізінде саралаған. Қазақ ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінің лингвомәдени ерекшеліктерін мен ондағы рухани-мәдени құндылықтардың көрінісін, рефлексиялық сипатын, аталған концептілерді когнитивтік тұрғыдан зерттеп, оларды жүйелеп көрсеткен. Тұрмыс-салт ертегілерінің тіліне лингвокогнитивтік талдау жасай отырып, олардың қазіргі қабылдану үлгісін сауалнамалар жүргізу арқылы айқындаған. Зерттеу жұмысының **маңыздылығы** диссертацияда жасалған ғылыми пайымдаулардың негізінде жан-жақты **ашылған**. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қазақ тіл білімі мен әдебиеттану салалары бойынша ғылыми еңбектер, оқу құралдарын жазуда теориялық және практикалық жағынан үлесін қоса алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа;	Диссертациялық жұмыс тілші ғалымдармен қатар, басқа ғылым салалары мамандарының да, сондай-ақ жалпы көпшіліктің түсінуіне жеңіл, жатық әрі ғылыми стильдің талаптарына сай **жоғары** деңгейде жазылған.

		3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың сөзсаптамынан жұмысты нақты оның өзі орындағаны айқын көрінеді. Бұл сөзімізді жұмысты жазу барысында ізденушінің сілтеме келтіру әдебі, мәселелерді бір-бірімен жеңіл ұштастыруы, ұстанымдары мен пікірлерін нақты әрі ғылыми тұрғыда негіздеуі дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның құрылымы мен мазмұны логикалық әрі пәндік тұрғыдан өзара байланысқа құрылған. Зерттеу қазіргі қазақ тіл білімінде әлемнің тілдік бейнесі туралы өзекті ғылыми проблемалардың бірі тұрғысынан жүргізілген. Әлемдік тіл білімінде де, сондай-ақ, қазақ тіл білімінде де тілдің лексика-семантикалық құрылымын терең зерттеу, зерделеу өзекті мәселенің бірі саналады. Осы тұрғыда диссертациялық жұмыста қазақ ертегілерін когнитивтік қырынан зерделей отырып, «әлем бейнесін» зерттеудің өзектілігі айқын негізделген. Осыған сәйкес зерттеу жұмысында қазақ тұрмыс-салт ертегілері әлемнің тілдік бейнесін ашудың құралы ретінде алғаш рет зерттеу нысаны ретінде алынып, лингвомәдени және когнитивтік тұрғыдан қарастыру барысында нақты нәтижелерге қол жеткізілген. Қорыта айтқанда, жұмыстың өзектілігі берік ғылыми-теориялық тұрғыда **негізделген** және зерттеуде көтерілген мәселелердің тіл білімі үшін ғана емес, қоғамның маңызы зор саласының бірі – білім беру ісінде өзекті екендігі ақиқат.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Т.Б. Нурбековтің «Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі» тақырыбындағы диссертациясының құрылымдық әрі мазмұндық сипаты, әр тарауда қарастырылған мәселелер диссертация тақырыбын толық **айқындайды** деп санаймыз. Жұмыстың кіріспесінде оның жалпы сипаттамасы, өзектілігі, нысаны, пәні, мақсат-міндеттері, дереккөздері, әдіс-тәсілдер, әдіснамасы, теориялық және практикалық құндылығы мен маңыздылығы, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдары, талқылануы мен мақұлдануы жеткілікті көлемде әрі ғылыми негізде баяндалған. Бірінші тарауда тұрмыс-салт ертегілерінің дүниетанымдық және дискурстық ерекшелігінің зерттелуі ғылыми тұрғыда сараланып, рефлексиялық аспектіде зерттеу арқылы ұлттық салт пен дәстүр, мінез, рухани құндылықтар аксиологиялық тұрғыдан бағаланған. Екінші тарауда тұрмыс-салт ертегі мәтіндерінің семантикалық құрылымына, лексикалық, грамматикалық сипатына талдау жасалып, ерекшеліктері анықталған. Үшінші тарауда

			ертегілердің әлем бейнесінің негізгі парадигмалары «жақсылық», «мейірім», «тапқырлық», «ақыл», «шындық» концептілері тұрғысынан талданып, ертегі дискурсының прагматикалық әлеуеті қарастырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына **сәйкес келеді**. Диссертант қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесін ашуды және тұрмыс-салт ертегілері мәтіндерінің лексикалық, грамматикалық құралдарын анықтауды мақсат еткен. Зерттеу барысында тақырып мазмұнын ашуға негізделген мақсаттарды орындау үшін көзделген міндеттер толық жүзеге асырылған. Атап айтқанда, қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің прагматикалық ерекшелігі нақты деректер арқылы талданып, кейіпкерлердің коммуникативтік қарым-қатынасы барысындағы ойы, мақсаты, мінезі сараланып, тыңдаушы үшін кейіпкерлер әрекетінің маңызды болатыны және қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің әлем бейнесін танытудағы ерекшеліктері мен «жақсылық», «тапқырлық», «ақыл», «мейірім», «шындық» концептілері негізінде дәйектеліп, нақты әрі шынайы ғылыми-практикалық ұсынымдар жасалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Жұмыстың құрылымы PhD диссертацияларға қойылатын талаптарға сай әрі мазмұны жүйелі құрылған, орындалу сапасы жоғары. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен өзара **толық байланысқан**, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген. Нақты деректерді тілдік түйсік арқылы талдау нәтижесінде жасалған ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар диссертацияның мақсат-міндеттері негізінде алынған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық зерттеуде автор өзі ұсынған жаңа шешімдерді теориялық әрі фактологиялық негізде дәлелдеген. Атап айтқанда, автор қазақ тұрмыс-салт ертегілерін рефлексия арқылы анықтау және бағалау бойынша жаңа шешімдер ұсынған. Әрине ғылыми талдаулар барысында тақырыпқа қатысты басқа авторлардың пікірлері де ескерілген: зерттеуші тарапынан нақтылана түскен, толықтырылған немесе оларға өз көзқарасы білдірілген. Диссертант ғылыми зерттеу барысында өзіндік тұжырымдар, тың пайым ұсына отырып, тілдік деректерге, теориялық тұжырымдарға ғылыми тұрғыда **сыни талдаулар жасаған**.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары **толығымен жаңа**. Т. Нурбековтің зерттеп отырған қазақ халық ертегілеріндегі әлемдік бейнесі тақырыбы отандық конгнитивті лингвистика саласында алғаш қолға алынып отырған мәселе болғандықтан, зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың барлығы дерлік толығымен жаңа деуге болады: - зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі тұрмыс-салт ертегілері әлемнің тілдік бейнесі ретінде алғаш рет зерттеу нысанына айналып, лингвомәдени және когнитивтік тұрғыдан кешенді зерттелді – жаңа; - қазақ тұрмыс-салт ертегілерін рефлексия арқылы анықтау және бағалау диссертациялық жұмыстың басты ғылыми жаңалықтарының бірі. Рефлексиялық аспектіден зерттеу арқылы ұлттық салт пен дәстүрді, мінезді, рухани құндылықтарды айқындауға, зерделеуге, талдауға, аксиологиялық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік болады – жаңа; - қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі «ақыл», «мейірім», «тапқырлық», «жақсылық», «шындық» концептері алғаш рет ғылыми тұрғыдан зерттелді – жаңа; - қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі ғылыми танымның әлемнің тілдік бейнесіндегі көріністері алғаш рет ғылыми тұрғыдан қарастырылды – жаңа; - қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің прагматикалық ерекшелігі нақты деректер арқылы айқындалды, кейіпкерлердің коммуникативтік қарым-қатынасы барысындағы ойы, мақсаты, мінезі сараланып, тыңдаушы үшін кейіпкерлер әрекетінің маңызды болатыны алғаш рет зерттеу нысанына айналды – жаңа; - қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің әлем бейнесін танытудағы ерекшеліктері мен «жақсылық», «тапқырлық», «ақыл», «мейірім», «шындық» концептер жүйесі бірінші рет зерделенді – жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа**. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік фольклортанушы ғалымдардың, тіл мамандарының зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінің линвомәдени ерекшеліктерін зерделеу; ертегілердің тарихи даму жолдары мен қалыптасу ерекшеліктеріндегі әркелкіліктің нақты тілдік деректер арқылы көрсету; ертегідегі рухани-мәдени құндылықтарды, әлемнің тілдік бейнесін көрсетудегі маңызды атауларды айқындап, ондағы денотаттық мағынаның

			ерекшелігі мен қолданысын, прагматикалық сипатына талдау жасау; халық ертегілері мәтіндеріндегі сөздік қорын әлемнің тілдік бейнесінің маңызды категорияларын көрсететін белгілі бір ұғымдармен (кеңістік, табиғат, абстракциялар және т.б.) байланыстыра қарастыру; қазақ халқының дүниені тану қызметінің негізі саналатын әлем бейнесін қабылдауын, ұғынуын, танылған зат не құбылысты шындық болмыс ретінде түсінуін рефлексия негізінде қайта зерделеу; ертегінің рефлексиялық әрекет ретінде құндылығын, оқырманның немесе тыңдаушының кейіпкер әрекетіне, эмоциялық ерекшелігіне, дүниетанымына көзқарасын қалыптастырудағы рөлін айқындау; тұрмыс-салт ертегілерінің тіліне лингвокогнитивтік талдау жасай отырып, олардың қазіргі қабылдану үлгісін сауалнамалар жүргізу арқылы айқындау; тұрмыс-салт ертегілеріндегі «жақсылық», «тапқырлық», «ақыл», «мейірім», «шындық» концептілерін танымдық бағытта талдау нәтижесінде жасалған қорытындылары жаңа.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу нәтижесінде ұсынылған шешімдер мен жасалған тұжырымдардың деңгейі **толығымен жаңа** деп есептеледі. Техникалық, технологиялық шешімдер диссертация тақырыбының қазіргі әлеуметтік өзгерістер аясындағы өзектілігімен және әлеуметтік қоғамдағы маңыздылығымен анықталады. Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесін зерттеу барысындағы тұжырымдары тәжірибелік жұмыс нәтижелерімен және осы нәтижелер бойынша шығарған ғылыми жарияланымдарымен расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертант жасаған барлық қорытынды-тұжырымдар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Диссертациялық жұмыста қарастырылған мәселелердің барлығы автор тарапынан шынайы түрде тұжырымдалып, зерттеу нысанына алынған тақырыпқа қатысты салыстырмалы талдаулар негізінде дәйектеліп отырған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;	Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар мен ережелер әртүрлі тәсілдер арқылы жасалған тілдік талдаулар мен сипаттаулар негізінде **дәлелденген**. Атап айтқанда: 1. «Ертегідегі әлемнің тілдік бейнесін зерделеу барысында алынған басты ғылыми нәтиже – ертегі мәтіндерінің жинақтаушы басты қағидасы, әлемнің тілдік бейнесіндегі маңызды рөл Адам тұлғасы екендігі. Әлем бейнесі

		4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең;** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	идеалды, психикалық сипатта болғанымен, тілдік құрылымдар арқылы таңбаланатындықтан, тұрмыс-салт ертегілерін тыңдау барысында адамдар қоршаған орта туралы, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен ұлттық дүниетаным туралы ақпараттар беріледі» деген бірінші тұжырым **дәлелденген; тривиалды емес; жаңа; қолдану деңгейі кең; мақалаларда дәлелденген**. 2. «Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі біркелкі емес, олар ертегінің негізгі жанрлық ерекшелігіне, мазмұндық сипатына байланысты өзгеріп отырады. Бұл ертегілердің тарихи даму жолдары мен мазмұндық ерекшеліктеріне байланысты» деген екінші тұжырым **дәлелденген; тривиалды емес; жаңа; қолдану деңгейі кең; мақалаларда дәлелденген**. 3. «Тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінде рухани-мәдени құндылықтар жеке денотаттардың мағыналық ерекшелігі арқылы көрінеді. Жеке атаулардың қолданысы мен прагматикалық қызметін айқындау арқылы басты когнитивтік ұғымдар мен ұлттық дүниетаным негізі айқындалады» деген үшінші тұжырым **дәлелденген; тривиалды емес; жаңа; қолдану деңгейі кең; мақалаларда дәлелденген**. 4. «Халық ертегілері мәтіндеріндегі сөз мағыналарын әлемнің тілдік бейнесінің маңызды категорияларын көрсететін белгілі бір концептік ұғымдармен байланыстыра қарастыру ұлттық дүниетанымның, ділдің (мінездің), жақсылық пен жамандық туралы ұғымдардың бағалану ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді» деген төртінші тұжырым **дәлелденген; тривиалды емес; жаңа; қолдану деңгейі кең; мақалаларда дәлелденген**. 5. «Тұрмыс-салт ертегілеріндегі кейіпкердің эмоциясы, әрекеті, шешімі оқырманның немесе тыңдаушының әрекетіне, эмоциялық ерекшелігіне, дүниетанымы мен өмірге деген көзқарасын қалыптастыруда маңызы бар, сондықтан рефлексиялық әрекет ретінде бағалы» деген бесінші тұжырым **дәлелденген; тривиалды емес; жаңа; қолдану деңгейі кең; мақалаларда дәлелденген**. 6. «Тұрмыс-салт ертегілерінің тіліне лингвокогнитивтік талдау жүргізе отырып, олардың қазіргі қабылдану үлгісін сауалнамалар жүргізу арқылы айқындап, ғылыми сипаттамасын көрсету қазіргі кездегі ертегі тыңдаушылар мен ертегі оқитын адамдардың қабылдауы мен қалыптасқан көзқарасын

			танытады» деген алтыншы тұжырым **дәлелденген; тривиалды емес; жаңа; қолдану деңгейі кең; мақалаларда дәлелденген**.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: **1) ия;** 2) жоқ.	**Иә.** Диссертацияда дәйектілік қағидаты мықты сақталған. Диссертациялық зерттеудің әдіснамасы дұрыс әрі негізді түрде таңдалып, зерттеу барысында мақсатты түрде қолданылған. Тақырыпқа қатысты басшылыққа алынған дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде тиімді қолданылған. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде берілген лексика-семантикалық талдау, тілдік бірліктерді жүйелеу, сипаттау, топтау, салыстыру, ішінара салғастыру сияқты зерттеу әдістері жұмыстың мақсаты мен міндеттерінің орындалуына, жалпы тақырыптың толық ашылуына негіз болған, сондай-ақ сауалнама әдісі нақты қорытындылар алуда дәйекті әрі тиімді қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ.	**Иә.** Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Әлеуметтік сауалнама жүргізіліп, оның қорытындысы сілтемелер арқылы берілген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) ия;** 2) жоқ.	**Иә.** Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың еңбектеріне, ғылыми пікірлерге сүйене отырып дәлелденген. Диссертациялық жұмыстағы теориялық қорытындылар, түрлі үлгілер мен мәселелер арасындағы байланыс зерттеу барысында 20-ға жуық ертегілердің мәтіндерінен тілдік бірліктің эксперименттік зерттеуімен дәлелденген. Ізденуші зерттеу жұмысының нәтижелерін халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда жариялаған.

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге **сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста жасалған маңызды мәлімдемелер нақты әрі сенімді және дәйекті шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге **сілтемелермен расталған**. Мысалы, Krappe A., Dorson R. M., Langacker R.W., Johnson-Laird Ph. N., Baughman E.W., Johnson-Laird Ph.N., Lyons J., Krappe A., Kramsch C., Wierzbicka A., Бахтин М.М., Лихачев С.В., Карасик В.И., Маслова В.А., Гумбольдт В., Пименова М.В., Кубрякова Е.С., Корнилов О. А., Байтұрсынов А., Қайдар Ә., Сыздық Р., Қоңыратбаев Ә., Қасқабасов С., Ысқақов А., Түймебаев Ж., Салқынбай А., Сағындықұлы Б., Қасым Б., Манкеева Ж. және т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі теориялық алғышарттар диссертацияда көтерілген мәселелерді ашуға септігін тигізген. Осы ретте дереккөз ретінде негізінен соңғы кездері жарияланған шетелдік және отандық ғылыми зерттеу еңбектері алынғандығын баса айтамыз. Сонымен қатар зерттеуде талданған тілдік материалдар белгілі сөздіктерден (Бабалар сөзі: Жүз томдық. 75-том. – Астана: “Фолиант”, 2011. – 432 б.; Бес жүз бес сөз. -Алматы: Рауан, 1994; Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 1-том. Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.; Қазақ әдеби тілінің сөздігі. -Алматы. 8-том) және т.б. қолданылған, сонымен қатар зерттеуде бірнеше ғаламтор ресурстары пайдаланылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**. Диссертациялық жұмыста шетелдік және отандық ғалымдардың 120 ғылыми еңбегіне (монографиялар, мақалалар, диссертациялық жұмыстар) сілтеме жасалған. Бұл пайдаланылған әдебиеттер саны зерттеудің ғылыми-теориялық және қолданбалы-практикалық іргетасының дәйекті екендігін айғақтайды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар;** 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы **бар әрі жоғары**. Диссертацияда зерттеу мақсатын орындау барысында жасалған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер қазақ тіл біліміндегі әртүрлі құбылыстарды (жанрларды) жаңа бағыттарда зерттеуге мүмкіндік ашады. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерін лексикология, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивті лингвистика салалары бойынша ғылыми жұмыстар жазуда теориялық тұжырымдар ретінде қолдануға болады. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер, қорытындылар мен тұжырымдар нақтылығымен, шынайылығымен және диссертанттың ғылыми көзқарасының тиянақтылығымен ерекшеленеді.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ.	**Иә.** Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызын, соған сәйкес алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігін **жоғары** бағалаймыз. Зерттеу нәтижелерін ертегі жинақтарын құрастыруда, «Балаларға базарлық» сериясымен суретті ертегі кітаптарын әзірлеу жұмысында, сонымен қатар жоғарғы оқу орындарының филология және әдебиеттану мамандықтарында оқытылатын таңдау пәндерінде және элективті курстарда көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның практикалық ұсыныстары **ішінара жаңа**. Диссертация нәтижелері 9.9.2-де аталған мамандықтар бойынша оқылатын пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай және объективті түрде жазылғандықтан, оның сапасын **жоғары** бағалаймыз. Ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді дұрыс қолданған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы – дербес орындалған, толыққанды ғылыми еңбек. Ізденуші Талгат Нурбековтің зерттеу жұмысы – когнитологиялық пәндер саласына өз үлесін қосатын еңбек.
11.	Диссертацияға ескертулер		*Компьютерде теруде кеткен кейбір техникалық, пунктуациялық қателер кездеседі. Орфографиялық қателер, сызықша мен тирелердің берілуінде мән беру керек.* Бірақ бұл ескертулер зерттеудің ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық маңызына нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған		Зерттеу жұмысының басты ғылыми қорытындылары мен тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында, атап қайтқанда: Scopus базасына кіретін журналда 1 мақала, ҚР БҒСБК ұсынған журналдарда 5 мақала, отандық және шетелдегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 5 мақала жарияланған. Бұл мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған. Докторанттың мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тарауларымен сәйкеседі және ғылыми деңгейі жоғары.

	жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған **Нурбеков Талгат Балтабековичтің «Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, диссертациялық жұмысын өзектілігі өткір, мақсат-міндеттері айқын, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы жоғары зерттеу ретінде бағалай отырып, еңбектің авторы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
Терминология орталығының жетекшісі,
доцент, филология ғылымдарының кандидаты **С. Құлманов**

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ «А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ» ШЖҚ РМК ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘРДЕМ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
Персоналды басқару құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
БСН 990240003957

(аты-жөні)
қолын куәландырамын
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
«04» 03 2025 ж.